

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына2026 жылғы 15 қаңтардағы
№ ДС-4 хатқа

Құрметті депутаттар!

Мемлекеттік және қоғамдық наградаларға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2025 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңның 42-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Атап айтқанда қоғамдық бірлестіктерге, қоғамдық қорларға, басқа да үкіметтік емес ұйымдарға сыртқы түрі мен атауы мемлекеттік наградаларға толықтай немесе қандай да бір бөлігі ұқсас ордендер мен медальдарды, омырауға тағатын белгілер мен оларға қоса берілетін құжаттарды тағайындауға және жасауға тыйым салу нормалары көзделді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының, Қазақстан халқының және Мемлекет басшысының атынан мемлекеттік емес наградалармен наградтауға жол берілмейді.

Бұл ретте Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) елімізде тіркелген жиырма мыңға жуық қоғамдық ұйымға тұрақты түрде талдау және мониторинг жұмыстарын жүргізеді.

Анықтама: 2025 жылғы 24 желтоқсанда Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхана орталығында «Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс», «Батыр Шапағаты» және «Ел жанашыры» төсбелгілерін, сондай-ақ «Алтын адам» жыл сертификаты мен статуеткасын еліміздің бірқатар азаматтарына табысталғаны анықталды.

Нәтижесінде «Ел жанашыры» төсбелгісін сату және тарату фактісі бойынша еліміздің азаматы Дидар Құйқабаевқа 2026 жылғы 23 қаңтарда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 674-бабының 2-бөлігіне сәйкес айыппұл салынды. «Qazaqstan ardagerleri» заңды тұлғалар бірлестігі 2025 жылғы 25 желтоқсанда табыстаған «Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісіне геральдикалық сараптама жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда Министрлік халықаралық оның ішінде ТМД елдерінің тәжірибесін зерделей отырып, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар

енгізу үшін заң жобасын әзірлеп, пысықтауда. Ондағы нормалар қоғамдық бірлестіктердің, қоғамдық қорлардың, басқа да үкіметтік емес ұйымдардың наградаларына қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған.

Заң қабылданған жағдайда қоғамдық бірлестіктер еліміздің және шетел азаматтарын қоғамдық ұйымдарға сіңірген еңбектері үшін ғана өздерінің наградаларымен марапаттауға құқылы болады.

Бұған қоса қоғамдық ұйымдардың марапаттарын тіркеуге қатысты мәселені Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес елімізде тіркелген барлық қоғамдық бірлестіктер, әртүрлі қоғамдық қорлар және басқа да коммерциялық емес ұйымдармен талқыланатын болады.

Бұдан бөлек елімізде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларының ақпараттық жүйесі» платформасы жұмыс істейді.

Сондай-ақ әскери, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау және орталық атқарушы органдардың ведомстволық наградаларын есепке алу және саланы жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасымен бірлесе отырып, «Ведомстволық наградалардың ақпараттық жүйесі» платформасы жасалды.

Ақпараттық жүйеде әрбір мемлекеттік органның өзіне тиесілі медальдары мен төсбелгілерінің жалпы саны, табысталған адамдар және оларды беру негіздемелері туралы ақпараттар, ведомстволық наградаларды табыстау жөніндегі комиссия туралы мәліметтер қамтылатын болады.

Жалпы сауалда көтеріліп отырған мәселелер Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның басты назарында.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылатын болады.

С. Жұманғарин